

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FEXF2523>***Г. А. Куребаева**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Берілген мақалада болашақ педагог-психологтердің тұлғалық және прагматикалық қасиеттерінің дамуы кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығының негізі ретінде қарастырылады. Болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағдарлану қазіргі заманғы жоғары кәсіптік білім беру стратегиясы болып табылады. Маманның кәсіби-тұлғалық дамуы деңгейінің негізгі критерийлері руханилық, кәсіби-біліктілік, кәсіби әрекетке операциялық-технологиялық дайындығы, шығармашылық белсенділік және бейімделу қабілеттілігі жіктеледі. Кәсіби - біліктілігі болжам жасау қабілеттілігі, жұмысын жоспарлау, қиындықтарының алдын алу т.б көрінеді. Педагог-психологтер өзін-өзі басқару, өзін-өзі реттеу және тәжірибесін кеңейту арқылы өз білімін көтереді. Осы тұрғыдан алғанда, тұлғалық өсу заңдылығы өзінің прагматикалық қасиеттерін дамытудың балама жолдарын ұсынады: бақылау локусының дамуы, яғни адамның құбылыстардың себептерін сыртқы немесе ішкі факторлармен түсіндіруге бейімділігін көрсетуі; өзін-өзі басқару адамның мақсатты түрде өзгеруі, ал мақсатты өзі басқаратын адам қояды алады, ол өзін қарым-қатынаста, мінез-құлдықын, іс-әрекетті және тәжірибені өзі басқарады. Өзін-өзі реттеу де өзгеріс болып табылады, бірақ қолданыстағы ережелер, нормалар, стереотиптер шеңберінде жасалады. Болашақ педагог-психологтың кәсіби маңызды қасиеттеріне өз әрекеттерінен нақты нәтиже алуда өте маңызды қасиет прагматикалық қасиетті қосуға болады, бұл болашақ маман дайындауда оңтайлы нәтиже алуға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: болашақ педагог-психолог, тұлғалық қасиет, прагматикалық қасиет, бақылау локусы, өзін-өзі басқару.

Кіріспе

Қазіргі жағдайда мамандарды кәсіби даярлаудың белгілі бір деңгейіндегі сапасы мен бағыты еңбек нарығында оның бәсекеге түсу қабілетінің негізгі шарты болып табылады. Кәсіби даярлық процесінде жоспарлау, білім алу, өзінің жоғары жеке қабілеті мен қажеттігіне жауап беру мүмкіндігі бар студент еңбек нарығында елеулі орын алуы заңдылық болып табылады. Осыған орай, маманды даярлау сапасы тек қана даму көрсеткіші және оқу орынын тәмәмдау факторы ретінде шешуші рөлге ие болып қана қоймай, негізгі өмірлік табысы болып табылады.

Тұлғалық, іс-әрекеттік тұрғыдан болашақ маман белсенді, өз іс-әрекетін өз бетінше ұйымдастыратын педагогикалық өзара әрекеттесу субъектісі ретінде қарастырылады. Оған танымдық және коммуникативтік (біліктілік) белсенділіктің нақты, кәсіби бағдарланған міндеттерін орындау ерекше бағыттылық тән [1].

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» - деген сөздерімен дәйектеуге болады. Яғни, осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше [2].

Қазіргі өмір талабына сай педагогикалық жоғары оқу орындары білімді ғана емес, алған білімін тәжірибеде қолдана алатын, бақылау локусы дамыған, өзін-өзі басқара алатын маман даярлау керек екені бәрімізге белгілі. Маман дайындауда, ең алдымен, болашақ педагог-психологтердің тұлғалық қасиеттерін дамыту талап етіледі. Бұл ұзақ та күрделі процесс, ол оны кәсіби дайындау барысында жетіледі [3].

Маманның кәсіби-тұлғалық дамуы деңгейінің бес негізгі критерийі бар: руханилық, кәсіби-біліктілік, кәсіби әрекетке операциялық-технологиялық дайындығы, шығармашылық белсенділік және бейімделу қабілеттілігі [4].

Рухани көрсеткіштер: кәсіби-әрекетке саналы қызығу; қарым-қатынас жасай білу, айналасындағылармен араласу; адамдарды түсіне білуі; адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру (ар-намыс, борыш, жауапкершілік); сөзі мен ісі арасындағы байланыс; рухани құндылықтарды бағалау.

Кәсіби – біліктілігінің көрсеткішіне жататындар: болжам жасау қабілеттілігі (жұмысын жоспарлау, қиындықтарының алдын алу, т.б.); әрекетінің жетістігі; әрекетінің саналы деңгейі (ғылыми негізде жұмыс жасау);

Кәсіби әрекетке операциялық-технологиялық дайындығы - стратегиялық, тактикалық міндеттерін белгілеу; кәсіби әрекетте түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу шеберлігі; күрделі кәсіби міндеттерді шеше білу; әрекеттің мақсаттылық деңгейі; түрлі әдістемелер мен технологиялармен жұмыс істей білу; зерттеу жүргізе білу дағдысы; студенттің тілін дамыту; ұйымдастыру қабілеті.

Психологтің кәсіби тұлғалық дамуы В.Л.Бозаджиевтің жұмысында ашылады, «оқу процесінде алынған нақты әлеуметтік-кәсіби жағдай мен дағдылар, тәжірибе, құндылықтар мен бейімділіктер жағдайында оның жеке және табысты кәсіби қызметке жалпы қабілеті мен дайындығында көрінетін тұлғаның интегралдық қасиеттері» түсініледі [5].

Е. А. Быкованың зерттеуінде студенттердің болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас элементтері ретінде кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру мәселесі қарастырылады [6].

Л. А. Витвицкая кез-келген түрдегі құзыреттіліктің міндетті компоненттері деп санайды «тиісті қызметті жүзеге асыру әдісін таңдауға негізделген білім; қолда бар білім негізінде қажетті әрекеттерді сәтті жүзеге асыру мүмкіндігі, тәжірибесі» [7].

Педагог-психологтердің практикалық әрекеті өз талабы мен әлеуеттік мүмкіншілігіне негізделген. Өйткені, ол өзін-өзі басқару, тәжірибелерін кеңейту арқылы өз білімін көтеріп, білгенін өзгеге сіңіреді. Осы тұрғыдан алғанда, тұлғалық өсу заңдылығы өзінің прагматикалық қасиеттерін дамытудың балама жолдарын ұсынады: адекватты қабылдауға тырысу; өз бойында табиғилық, өзгергіштік қасиеттер дамыту; өзіңді де, өзгені де сынсыз қабылдай алу, өз ойыңа және сезіміңе сенімді болу, өзіңнің алдында адал болып, әр нәрсеге жауапкершілікпен қарай білуге тырысу; өз шығармашылық қасиеттеріңді дамытып, тәжірибеде тексеру, амал таба білу сияқты қасиеттерін танып білу; өзгемен бірлесе алу, оның өзіндік құқығын сыйлау, яғни өзінді тең санау қасиеттерін дамыту [8].

«Бақылау локусы» адамның құбылыстардың себептерін сыртқы немесе ішкі факторлармен түсіндіруге бейімділігін көрсететін тұрақты тұлғалық қасиет. Өзін-өзі басқару адамның мақсатты түрде өзгеруі, ал мақсатты өзі басқаратын адам қояды, оның қызмет түрлерін: қарым-қатынасты, мінез-құлықты, іс-әрекетті және тәжірибені өзі басқарады. Өзін-өзі басқару - бұл шығармашылық процесс, ол жаңасын құрумен, әдеттен тыс жағдаймен немесе қарама-қайшылықпен кездесуімен, жаңа мақсаттар қою қажеттілігімен, жаңа шешімдер мен мақсаттарға жету құралдарымен іздеумен байланысты. Өзін-өзі реттеу де өзгеріс болып табылады, бірақ қолданыстағы ережелер, нормалар, стереотиптер шеңберінде жасалады. Өзін-өзі реттеу функциясы әртүрлі - өзін-өзі басқару процесінде алынған нәрсені

шоғырландыру. Сонымен, өзін-өзі басқару және өзін-өзі реттеу дегеніміз екі түрлі процесс емес, адам қызметінің екі жағы, үздіксіз дамуда өзгермелі және тұрақты болатын адамның субъективті әлемінің диалектикалық бірлігі.

Зерттеу нысаны: болашақ педагог-психологтердің прагматикалық қасиеттері.

Зерттеу пәні: болашақ педагог-психологтердің тұлғалық және прагматикалық қасиеттерінің даму ерекшеліктері.

Мақсаты: болашақ педагог-психологтердің тұлғалық және прагматикалық қасиеттерін дамытуды теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану іскерлігі ретінде қарастыру.

Міндеттері:

- прагматикалық қасиеттерін дамыту болашақ маманның теориялық білімін тәжірибеде нәтижелі қолдануға дайындығын қамтамасыз ететін жеке тұлғаның интегративті сипаттамасы ретінде қарастыру;

- болашақ педагог-психологтердің прагматикалық қасиеттерінің бірі ретінде өзін-өзі басқаруын зерттеу.

Материалдар мен әдістер

Болашақ педагог-психологтердің тұлғалық және прагматикалық қасиеттерінің дамуын зерттеуге Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті мен Alikhan Bokeikhan University (Семей қ.) 1–4 курс студентері қатысты.

1) Роттердің ішкі-сыртқы локусы басқару әдістемесін 1966 жылы Джулиан Б. Роттер өзінің басқарудың субъективті локализация теориясының негізінде ұсынды [9].

Бұл әдісте 29 сұрақ беріледі, олар арқылы бақылау локусының екі түрі анықталады: сыртқы (адамның өміріндегі жетістіктер мен сәтсіздіктер үшін жауапкершілік сыртқы жағдайларға байланысты) және ішкі (жауапкершілік өзіне байланысты).

Ішкі түрі – адам өзіне болып жатқан оқиғалар ең алдымен оның жеке қасиеттеріне (күзыреттілікке, мақсаттылыққа, қабілеттер деңгейіне және т.б.) байланысты және оның өзіндік іс-әрекетінің заңды салдары деп санайды.

Сыртқы түрі – адам өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктері ең алдымен сыртқы жағдайларға – қоршаған орта жағдайларына, басқа адамдардың іс-әрекеттеріне, кездейсоқтыққа, сәттілікке немесе сәтсіздікке және т.б. байланысты болатынына сенімді.

Зерттелушіге нұсқау: «Әр жұптағы әр сөйлемді оқып, қайсысымен келісетініңізді анықтаңыз. Жауап парағыңызда әріптердің бірін – «а» немесе «б» дөңгелектерін белгілеңіз».

Ішкі және сыртқы көріністер үшін жалпы және максималды балл 23 құрайды, өйткені 29 сұрақтың 6-ы фондық сұрақтар. Бақылау локусының бағыттылығы бір өлшеу нәтижесінің екінші өлшемнен салыстырмалы түрде артық болуымен бағаланады.

2) Пейсахов өзін-өзі басқару қабілетінің әдістемесі.

Н. М. Пейсаховтың өзін-өзі басқару қабілетін анықтау үшін «Өзін-өзі басқару қабілеті» (СМУ тесті) әдістемесі Қазан мемлекеттік университетіндегі жоғары білім берудің психологиялық проблемалары зертханасында Н.М.Пейсахов және оның әріптестерімен жасалды [10]. Әдістеме келісуге немесе келіспеуге болатын 48 мәлімдемеден тұрады.

Зерттелушіге нұсқау: «Ұсынылған сауалнама әртүрлі жағдайларда өзін-өзі бақылау мүмкіндігі туралы білуге мүмкіндік береді. Сауалнамада екі топ тұжырымдар бар: тәжірибеге сілтеме жасауды қажет ететін мәлімдемелер, жалпы қабылданған пікірмен қатынасыңызды сипаттайтын мәлімдемелер. Әртүрлі жағдайларда өзін-өзі бақылау мүмкіндігі туралы білуге мүмкіндік беретін пікірлер берілген. Егер сіз пікірмен келіссеңіз, онда «иә» деп жауап беріңіз, ал келіспесеңіз, «жоқ» деп жауап беріңіз».

Өзін-өзі басқару қабілеті келесі қадамдарды қамтиды: Жағдайдағы қарама-қайшылықтарды немесе бағдарды талдау. Болжау. Мақсат қою. Жоспарлау. Шешім қабылдау. Бағалау критерийлері. Өзін-өзі бақылау. Түзету.

Нәтижелер және талқылау

Педагог-психолог мамандардың тұлғалық және прагматикалық қасиеттерінің дамуын зерттеу нәтижелері.

1 Дж. Роттердің басқару локусы. Дж. Роттердің басқару локусы сауалнамасы ерікті түрде экспериментке қатысқан Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті мен Alikhan Bokeikhan University (Семей қ.) «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім алып жатқан 1–4 студенттерімен жүргізілді.

Бұл әдістемені қолдану мақсатымыз педагог-психологтердің тұлғалық қасиеттерінің, соның ішінде респонденттердің бақылау локусын анықтау болды.

Әдістемеге жауап берген зерттелушілердің жалпы саны 43 болды. Сыналушылардың 39 әйел адам, 4 ер адам. Бізде педагог-психологтердің тұлғалық және прагматикалық қасиеттерінің дамуын анықтаудың гендерлік өзгешелігін тексеру мақсаты болған жоқ.

Зерттеуге қатысқан 43 респонденттің курстық құрамы: 1 курс – 7, 2 курс – 7, 3 курс – 18, 4 курс – 11 студент.




Сурет 1 – Білім алу курсы бойынша көрсеткіштер.

Психодиагностика практикасында бақылау локусы білім беру саласында, оның ішінде кәсіби тұрғыда көрінетін танымдық стильді бағалау үшін қолданылады. Психиканың когнитивті компоненттері оның барлық құбылыстарында болатындықтан, басқару локусы туралы түсінік оның іс-әрекетіндегі жеке тұлғаның қасиеттеріне де қатысты.

Бақылау локусы - тұлғаның белгілі бір түрін сипаттайтын психологиялық фактор. Бұл адамның өмірдегі оқиғалар мен олардың қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілікті сыртқы күштерге (бақылаудың сыртқы, сыртқы локусы) немесе олардың қабілеттері мен күш-жігеріне (бақылаудың ішкі, ішкі локусы) жатқызуға бейімділігі.

«Дж. Роттердің басқару локусы» шкалалары көмегі арқылы анықталған тұлғалық қасиеттер келтірілген.



Сурет 2 – Бақылау локусы бойынша 1–4 курс студенттері нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы

Диagramмадан көріп отырғанымыздай, 1–2 курс студенттерінің басым көпшілігінде сыртқы бақылау жоғары, ал 3–4 курс студенттерінде ішкі бақылау локусы жоғары көрсеткіш көрсетті.



Сурет 3— жалпы барлық зерттелушілердің бақылау локусы бойынша нәтижелер диаграммасы

Диagramмадан көріп отырғанымыздай зерттелушілердің 35 % – сыртқы бақылау локусы, 65 % – ішкі бақылау локусын көрсетті.

Сыртқы бақылау локусы бар адамдар, өз әрекеттерінің салдарын мән-жайлардың әсерімен түсіндіруге бейім, әдетте экстерндер деп аталады, өйткені олар өз қызметтері үшін жауапкершілікті тек сыртқы жағдайлармен байланыстырады. Сыртқы бақылау локусына бейімділік, сенімсіздік, жеңілтектік, үрей, күдіктену, агрессивтіліктен көрінеді.

Ішкі бақылау локусы бар адамдар өздеріне сенімді, мақсатына жету үшін дәйекті және табанды, салмақты, қайырымды және тәуелсіз. Мұндай типтегі адамдар өз қызметтерінің нәтижелері үшін өздерін жауапты деп санайды. Интерндер қарым-қатынаста күдікті болмайды, өздерінің мақсатына жету арқылы сенімділікті оятады. Интерндер жағдайды көбінесе олардың сәттіліктері мен сәтсіздіктерінің кездейсоқ емес екендігіне, құзыреттілікке, мақсаттылыққа, қабілеттер деңгейіне байланысты деп санайды және мақсатты белсенділік пен бастаманың табиғи нәтижесі болып табылады.

Экстерндер үшін эмоционалды тұрақсыздық пен практикалық, жанама ойлаумен байланыс анықталады, интерндер үшін эмоционалды тұрақтылық және теориялық ойлауға, түсініктердің абстракциясы мен синтезіне бейімділік байқалады.

2) Пейсахов өзін-өзі басқару қабілетінің әдістемесі бойынша зерттеу нәтижелеріне талдау.

Пейсахов өзін-өзі басқару қабілетінің әдістемесі ерікті түрде экспериментке қатысқан «Педагогика және психология» мамандығы 1-4 студенттерімен жүргізілді. Әдістемеге жауап берген зерттелушілердің жалпы саны 45 болды. Сыналушылар 40 әйел, 5 ер адам.

Зерттеуге қатысқан 45 респонденттің курстық құрамы: 1 курс - 10, 2 курс – 9, 3 курс – 14, 4 курс – 12 студент.



Сурет 4 – білім алу курсы бойынша көрсеткіштері


Өзін-өзі басқару - ол жаңаны құру, жаңа мақсаттар қою, әдеттен тыс жағдайда немесе қарама-қайшылықпен кездескенде жаңа шешімдер мен мақсаттарға жету құралдарын іздеу қасиеті. Өзін-өзі реттеу де өзгеріс болып табылады, бірақ қолданыстағы ережелер, нормалар, стереотиптер шеңберінде жасалады. Өзін-өзі реттеу функциясы әртүрлі - өзін-өзі басқару процесінде алынған нәрсені шоғырландыру. Өзін-өзі басқару және өзін-өзі реттеу дегеніміз екі түрлі процесс емес, адам қызметінің екі жағы, үздіксіз дамуда өзгермелі және тұрақты болатын адамның субъективті әлемінің диалектикалық бірлігі.

Төменде кесте 1 – Пейсахов өзін-өзі басқару қабілетінің әдістемесі бойынша 1–4 курс студенттерінің өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары берілген.

Кесте 1 – Өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары

курс	Өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары							
	бағдарды талдау	Болжау	Мақсат қою	Жоспарлау	Шешім қабылдау	Бағалау критерийлері	Өзін-өзі бақылау	Түзету
1	55	50	55	70	61	68	72	62
2	65	63	71	77	72	73	79	71
3	78	83	82	80	83	81	82	82
4	83	87	89	88	87	88	89	87

Пейсахов өзін-өзі басқару қабілетінің әдістемесі бойынша өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары бойынша 1-4 курс студенттерінің нәтижелерін салыстыру барысында, өзін-өзі басқару қадамдары курстан курсқа көшу барысында жоғарлайтыны байқалды.



Сурет 5 – өзін-өзі басқару қабілеті қадамдарының салыстырмалы диаграммасы

Пейсахов өзін-өзі басқару қабілетінің әдістемесі бойынша өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары бойынша 1 курс студенттерінің нәтижелерін талдау барысында, өзін-өзі басқару қадамдары арасындағы байланысты көреміз. 1 курс білім алушыларында жағдайдағы қарама-қайшылықтарды

немесе бағдарды талдау, болжау, мақсат қою орташа көрсеткіш көрсетті. Шешім қабылдау, түзету көрсеткіштері орташадан жоғары. 1 курс студенттерінде бағалау критерийлері – орташа болды, ол тұлғаның басқа адамдарға, өзіне, өзінің мүмкіндіктеріне және субъектінің өзін-өзі бағалауына деген қатынастары, бұл өзін болашақ маман ретінде бағаудың толық қалыптаспағанын көрсетті. Жоғары көрсеткіштер жоспарлау мен өзін-өзі бақылау қадамдары бойынша болды, яғни студенттерде жоспарлау бірінші курстан жоғары деңгейде болатынын көрсетеді.

Пейсахов өзін-өзі басқару қабілетінің әдістемесі бойынша өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары бойынша 2 курс студенттерінің нәтижелерін талдау барысында, өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары бойынша көрсеткіштер орташа және орташадан жоғары. Жағдайдағы қарама-қайшылықтарды немесе бағдарды талдау, болжау, мақсат қою, шешім қабылдау, бағалау критерийлері және түзету қадамдары бойынша бірқалыпты деңгейде, бұл болашақ маман ретінде қалыптасу процесінің басталуын сипаттайды. Ал жоспарлау мен өзін-өзі бақылау қадамдары бойынша орташадан жоғары көрсеткіш, бұл, өзін-өзі басқару субъектісінің ақыл-ой әрекеттері, мақсатқа жету құралдарын ретінде жоспар және оларды қолдану реттілігі деңгейі және нақты қарым-қатынаста, мінез-құлықта, қызметте жоспардың қалай жүзеге асыра алуының көрсеткіші.

Пейсахов өзін-өзі басқару қабілетінің әдістемесі бойынша өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары бойынша 3 курс білім алушыларында өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары бойынша 78 % – 83 % аралығында, бұл жоғары көрсеткіштер. 3 курста білім алушыларда жағдайдағы қарама-қайшылықтарды немесе бағдарды талдауға, болжамы – өткен мен бүгінді талдауға, мақсат қоюы - өзгеріс енгізу ықтималдығы болжамнан ықтимал нәтижелер туралы болжамға ауысуға, мақсатқа жету жүйесі ретінде жоспар және оларды қолдану реттілігі, шешім қабылдау - жоспардан іс-әрекетке көшуге, бағалау критерийлері - тұлғаның өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі бақылау – нақты қарым-қатынаста, мінез-құлықта жоспардың қалай жүзеге асыруға және нақты іс-әрекеттегі, қарым-қатынас пен мінез-құлқындағы, сондай-ақ өзін-өзі басқару жүйесіндегі өзгерістерге дайын екендігін көрсетті. Бұл тұлғалық және прагматикалық қасиеттердің жоғары деңгейде дамып жатқанын көрсетеді.

Пейсахов өзін-өзі басқару қабілетінің әдістемесі бойынша өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары бойынша 4 курс білім алушыларында өзін-өзі басқару қабілеті қадамдары бойынша 83% - 89% аралығында көрсеткіштер алынды. Бұл оларда тұлғалық және прагматикалық қасиеттерінің дамуы 4 курста толық қалыптасып, маман ретінде өздерін басқару қабілеті

жоғарлайтынын көрсетеді. Олар жағдайдағы қарама-қайшылықтарға, өткен мен бүгінді талдау жасай алады, мақсат қойып, өзгеріс енгізу ықтималдығы болжамнан ықтимал нәтижелер туралы болжамға ауысуға қабілетті, мақсатқа жету құралдар жүйесі ретінде жоспар құрады және жоспардан іс-әрекетте орындауға шешім қабылдай алады басқа адамдарды, өзін, өзінің мүмкіндіктерін бағалауы объективті болады, жоспарды жүзеге асырудағы жетістікті бағалайтын көрсеткіштер қандай болуы керектігін біледі, өзін-өзі бақылау арқылы нақты қарым-қатынаста, мінез-құлықта, қызметте жоспардың қалай жүзеге асырылатындығы туралы ақпарат бере алады және нақты іс-әрекетте, қарым-қатынас пен мінез-құлқында, өзін-өзі басқару жүйесінде өзгерістер жасауға қабілетті.

Қорытынды

Эмпирикалық зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтердің өзін-өзі басқару қабілеттері жас ерекшеліктеріне байланысты дамып отыратынын көрсетті, бұл тұлғалық-прагматикалық қасиет ретінде маңызды.

Сонымен қатар болашақ педагог-психологтердің өзі-өзін басқару қабілеті, өз ойлары, сезімдері, өздері туралы түсініктері жоғары екені анықталды, бұл маман ретінде кәсіби дамуының көрсеткіші.

Педагог-психологтердің кәсіби маман ретінде зерттеуден алынған нәтиже бойынша сыналушы барлық студенттердің өзін-өзі басқару қабілеті ересек жас кезеңіне сәйкес келетінін көрсетті.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Yermentayeva, A. R., Baizhumanova, B. S., Aikinbayeva, G. K.** Personal factors of graduates' coping strategies // *Reseña de historia de la economía. Opcion*, 2018. 34 (Special Issue 14).

2 **Тәжібаев, Т. Т.** Қазақстанда халыққа білім берудің және педагогикалық ойлардың тарихы: ғылыми басылым. – Алматы, 2002. – 377 б.

3 **Yermentayeva, A. R., Kenzhebayeva, K. S., Umirbekova, A. N., Aubakirova, Z. K., Iskakova, A. B.** Structural peculiarities of social mental abilities of future teachers // *International Journal of Environmental and Science Education*. – 2016. – 11(18). – P. 12629–12636.

4 **Жаксыбаева, А. Ж.** Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру // *Молодой ученый*. – 2014. – № 1.2. – 55–57 б.

5 **Бозаджиев, В. Л.** Психолог : профессия и личность / В.Л. Бозаджиев. – Челябинск : Издательство «Печатный двор», 2001. – 424 с.

6 **Быкова, Е. А.** Формирование представлений о профессионально-важных качествах психолога у студентов психологического факультета / Е. А. Быкова // Вестник КГУ им. Н. А. Некрасова. – 2015. – Том 21. – С. 122–125.

7 **Витвицкая, Л. А.** Компетентностный подход в университетском образовании / Л. А. Витвицкая // Вестник ОГУ. – 2011. – № 11 (130). – С. 176–182.

8 **Kurebayeva, G. A., Kurebayeva, G. A.** Psycholinguistic aspects students' speech formation // Life Science Journal. – 2014. – 11(11s). – P. 465–468.

9 **Реан, А. А.** Практическая психодиагностика личности: Учебное пособие. – СПб : Изд-во СПб ун-та, 2001. – 224 с.

10 Методика способность самоуправления (тест ССУ) Н. М. Пейсахов // <https://psycabi.net/testy/257-metodika-sposobnost-k-samoupravleniyu-test-ssu-n-m-pejsakhov>.

11 **Медведева, О. А., Сусликов, Т. Д.** Изучение готовности субъектов образовательного процесса общеобразовательной школы к переходу на прагматическую систему образования // Вестник экспериментального образования, 2017. – 4 (13). – С. 52–60.

REFERENCES

1 **Yermentayeva, A. R., Baizhumanova, B. S., Aikinbayeva, G. K.** Personal factors of graduates' coping strategies // *Reseña de historia de la economía. Opcion*, 2018. 34 (Special Issue 14).

2 **Tájibaev, T. T.** Qazaqstanda halyqqa bilim berýdiń jáne pedagogikalıyq oilardıń tarihy [History of public education and pedagogical thought in Kazakhstan]: ғылыми басылым. – Almaty, 2002. – 377 p.

3 **Yermentayeva, A. R., Kenzhebayeva, K. S., Umirbekova, A. N., Aubakirova, Z. K., Iskakova, A. B.** Structural peculiarities of social mental abilities of future teachers // *International Journal of Environmental and Science Education*. – 2016. – 11(18). – P. 12629–12636.

4 **Jaksybaeva, A. J.** Bolashaq pedagog-psihologtardıń kásibi jáne tullıalyq qasietterin qalyptastyrı [Formation of professional and personal qualities of future teachers-psychologists] // *Molodoi ıchenyi*. – 2014. – №1.2. – 55–57 p.

5 **Bozadjiev, V. L.** Psiholog : professia i lichnost [Psychologist: profession and personality] / V. L. Bozadjiev. – Cheliabinsk : Izdatelstvo «Pechatnyı dvor», 2001. – 424 p.

6 **Bykova, E. A.** Formirovanie predstavlenii o professionalno-vajnykh kachestvakh psikhologa y stúdentov psihologicheskogo fakúlteta [Formation of presentations on the professional and important qualities of a psychologist at the

psychological faculty] / E.A. Bykova // Vestnik KGÝ im. N.A. Nekrasova. – 2015. – Tom 21. – P. 122–125.

7 **Vitvitskaia, L. A.** Kompetentnostnyĭ podhod v ýniversitetskom obrazovanii [Competency approach to university education] / L.A. Vitvitskaia // Vestnik OGÝ. – 2011. – № 11 (130). – P. 176–182.

8 **Kurebayeva, G. A., Kurebayeva, G. A.** Psycholinguistic aspects students' speech formation // Life Science Journal. – 2014. – 11(11s). – P. 465–468.

9 **Rean, A. A.** Prakticheskaia psihodiagnostika lichnosti [Practical psychodiagnosics of personality] : Ýchebnoe posobie. – SPb : Izd-vo SPb ún-ta, 2001. – 224 p.

10 Metodika sposobnost samoúpravleniia (test SSÝ) N. M. Peisahov [method of self-management (CCU test) N. M. Peisakhov] // <https://psycabi.net/testy/257-metodika-sposobnost-k-samoupravleniyu-test-ssu-n-m-peisakhov>.

11 **Medvedeva, O. A., Sýshakov, T. D.** Izýchenie gotovnosti sýbektov obrazovatel'nogo protsessa obeobrazovatel'noi shkoly k perehodý na pragmaticheskýĭ sistemý obrazovaniia [Study the readiness of subjects of the educational process to transition to a pragmatic education system] // Vestnik eksperimental'nogo obrazovaniia. – 2017. – 4 (13). – P. 52–60.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

*Г. А. Қурбаева

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

ИССЛЕДОВАНИЕ ЛИЧНОСТНЫХ И ПРАГМАТИЧЕСКИХ КАЧЕСТВ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

В данной статье рассматривается развитие личностно-прагматических качеств будущих педагогов-психологов как основа их готовности к осуществлению профессиональной деятельности. Ориентация на повышение качества подготовки будущих специалистов – современная стратегия высшей школы. Основными критериями уровня профессионального и личностного развития специалиста являются духовность, профессиональная квалификация, оперативно-технологическая готовность к профессиональной деятельности, творческая активность и адаптивность. Профессионализм – это способность делать

прогнозы, планировать работу, предотвращать трудности и т. д. Педагоги-психологи повышают свои знания за счет самоуправления, саморегуляции и расширения своего опыта. С этой точки зрения законы личностного роста предлагают альтернативные пути развития своих прагматических качеств: развитие локуса контроля, т. е. склонность человека объяснять причины явлений внешними или внутренними факторами; Самоуправление – это целенаправленное преобразование человека, причем цель ставится самоуправляемым человеком, контролирующим себя в отношениях, поведении, поступках и переживаниях. Саморегуляция – это тоже изменение, но оно осуществляется в рамках существующих правил, норм, стереотипов. Одним из важнейших профессиональных качеств будущего педагога-психолога является добавление прагматического качества, что очень важно при получении конкретных результатов от своих действий, что позволяет получить наилучшие результаты в подготовке будущих специалистов.

Ключевые слова: будущий педагог-психолог, личностные качества, прагматические качества, локус контроля, самоуправление.

**G. A. Kurebayeva*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 13.06.22.

RESEARCH OF PERSONAL AND PRAGMATIC QUALITIES OF FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS

This article discusses the development of personal and pragmatic qualities of future educational psychologists as the basis for their readiness to carry out professional activities. Orientation towards improving the quality of training of future specialists is a modern strategy of higher education. The main criteria for the level of professional and personal development of a specialist are spirituality, professional qualifications, operational and technological readiness for professional activities, creative activity and adaptability. Professionalism is the ability to make predictions, plan work, prevent difficulties, etc. Educators-psychologists increase their knowledge through self-government, self-regulation and expanding their experience. From this point of view, the laws of personal growth offer alternative ways of developing their pragmatic qualities: the

development of a locus of control, that is, a person's tendency to explain the causes of phenomena by external or internal factors; Self-government is a purposeful transformation of a person, and the goal is set by a self-governing person who controls himself in relationships, behavior, actions and experiences. Self-regulation is also a change, but it is carried out within the framework of existing rules, norms, stereotypes. One of the most important professional qualities of a future teacher-psychologist is the addition of a pragmatic quality, which is very important in obtaining concrete results from one's actions, which allows one to obtain the best results in the training of future specialists.

Keywords: future teacher-psychologist, personal qualities, pragmatic qualities, locus of control, self-management.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Мб RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz